

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.08.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/79351/

## Білім беру саласы: «Қатынас»

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** Үй жануарлары

**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, ой-өрісін кеңейту, үй жануарларының төлдерін танып білуге үйрету, оларды өзгешеліктеріне қарай бір-бірімен салыстыра білу қабілеттерін, тақпақтарды қайталай отырып және сұрақ-жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Үй жануарларының суреті, үн таспа, үй жануарларының мүсіндері**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, ойындар, тақпақтар, өлеңдер

**Билингвистикалық компонент:** Сиыр-корова, көктем-весна, ешкі-коза, жылқы-лошадь, түйе-верблюд, мысық-кошка

**Эксклюзивті әлеумет:** Тұйық баламен жұмыс – Асхат

Іс-әрекет түрі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушы күш</b>	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем несімен ерекшеленеді?  Адамдар көктемде егін егеді, күн жылынады, малдар төлдейді	Көктем Қар ериді, құстар ұшып келеді

<p><b>Ұйымдастырушылық ізденімпаздық</b></p>	<p>Балалар үй жануарлары дегеніміз не? Мынау қой, ешкі, сиыр, жылқы. Бұлар үй жануарлары деп аталады. Педагог балаларға үй жануарларымен танысуға ауылға саяхатқа баратынын хабарлайды. Саяхатқа барғанда балалар кедергілерден-судан, көпірден, ұзын-қысқы, ирек жолдардан өтеді. Педагог балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншыққа немесе фланеграфта орналасқан үй жануарларына аударады.</p> <p>— Мынау не? (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе)</p> <p>— Сендер қалай ойлайсындар, неліктен оларды үй жануарлары деп атайды?</p> <p>— Олар адамдардың жанында өмір сүреді, өйткені адамдар оларды күтіп, жем-шөптерін дайындап береді.</p> <p>— Олар үйдеме, әлде үйдің жанында тұрама? –</p> <p>Қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе үйдің жанында қорада өмір сүреді. Ал мысық үйдің ішінде, ал ит үйдің сыртында үйшікте тұрады.</p> <p><b>Ғажайып сәт</b></p> <p>Балалар қазір бізге бақташы атай қонаққа келеді. Балалар бақтшы ата білімдеріңді байқау үшін көптеген тапсырма ала келіпті. Ал ата біз сізге өлең-тақпақтар айтайын деп отыр едік.</p> <p><b>Гүлмарал:</b></p> <p>Мінезім жайлы-сиырмын, Байлығымын бір үйдің. Етім-дәмді, сүтім-бал, Сырымды менің ұғып ал.</p> <p><b>Диана:</b></p> <p>Ең зор түлік-түйемін, Тікенді шөпті сүйемін. Пайдалансаң сүтім шұбат, Дертке дауа, жанға қуат.</p> <p><b>Айшолпан:</b></p> <p>Жалт-жұлт етіп лақ, Жағалайсың бұлақ. Секірем деп бірақ, Қала берме құлап.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді, Сыртылдатып тұяғын,</p> <p>Бұзау былай жүреді.</p>	<p>Қолдарын бойына қояды. Ботаның жүрісін салады. Аяқтарын тыпырлытады. Бұзаудың жүрісін салады</p>
--	--	---

	<p><b>1.</b> «Жануарлар қалай дауыстайды?» ойыны.          Қой маңырайды — мә-мә-мә          Сиыр мөңірейді — мө-мө-мө          Жылқы кісінейді — ио-ио-ио          Түйе боздайды — бө-бө-бө          Ешкі бақырады – бе-бе-бе  <b>Бақташы ата</b>          Балалар сендер мен жайлы көп біледі екенсіңдер. Рахмет!</p> <p><b>2.</b> «Дене мүшелерін ата» ойыны.          Балалар үстелдің үстіндегі суреттерді не ойыншықтарды көре отырып, үй жануарларының дене мүшелерін атайық.          Мысалы: сиырдың тұяқтары, аяқтары, құйрығы, денесі, басы бар. Басында мүйізі, көздері, аузы, тұмсығы бар.          — Ал енді Гүлмарал жылқының дене мүшелерін атай ғой. Дұрыс.</p> <p><b>3.</b> Үй жануарларының бізге тигізетін пайдасы қандай? Сүтінен айран, май алып, терісінен тон, бас киім тігеді.          Енді олардың дауысын тыңдап көрейік.          (үн таспаға жазылған үй жануарларының төлдерінің дауысы)</p> <p><b>4.</b> Үй жануарларының төлдерін ата.          Оларды қалай еркелетеміз?</p> <p>Сиыр-бұзау. Қой-қошақан. Түйе-ботақан.          Жылқы-құлыншақ. Ешкі-лақ. Қоян-көжек.          Қозым, ботам, көжегім, құлыншағым, лағым т.б.</p>	<p>Балалар жауабы</p> <p>Балалар ойын ойнады</p> <p>Аяқтары, денесі, басы, құлақтары, басында көздері бар          Айран, сүт, май аламыз</p> <p>Естілген дыбысқа таңдана қарап, дауысты табады</p> <p>Лағым, қозым, ботам т.б.</p>
--	--	---

<b>Рефлексиялық</b>	<p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?          Балалар, біз бүгін үй жануарларымен таныстық.          «Біз не білдік?»          Қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе – үй жануарлары.  <b>Бақташы ата:</b> Ал балалар менің кететін уақытым болып қалды, білімді, өнерлі, балалар екенсіңдер. Рахмет! Үй жануарлары жөнінде толық білімдерің бар екен.  <b>Ән:</b> «Төлдер әні»          Қошақаным қойдың,          Қайда қалып қойдың,          Бұлтыйып тұр бүйірің,          Қай өрістен тойдың.          Секең-секең ей лақ,          Жүремін саған кейіп-ақ.          Тыным тапсаң болмайма,          Секірмей-ақ кейуақ</p>	<p>Көктем</p> <p>Балалар ризашылығын білдіреді</p> <p>Балалар бірге қайталайды.</p>
<b>Оқу іс-әрекетін қорытындылау</b>	<p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Білуі керек:</b> Әрбір бала үй жануарлары оның пайдасын және қажеттілігін білуі керек.  <b>Үйрену керек:</b> Үй жануарларына қамқорлық жасай білуді үйрену керек.</p>	

**МКҚК «Балдырған» балабақшасы**

Бекітемін:-----

**Меңгерушісі: Л.Пәрменқұлова****Үй жануарлары****Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекет****Көркем әдебиет**

**Тәрбиеші: К. Смағұлова**

**«Сәби-Нұр» тобы**

**2019-2020 оқу жылы**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.